

"Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасы және " Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 786 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 156 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 113 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 13.03.2017 № 113 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасы және " Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 786 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

"Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасы және " Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 786 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасы және " Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 786

Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 25, 189-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстанның су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасында:

"1. Бағдарламаның паспорты" деген бөлімде:

"Міндеттері" деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жерүсті суларының көлемін қамтамасыз ету;

2) жерасты су қорларын қамтамасыз ету;

3) гидротехникалық құрылыстарды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету және судың зиянды әсерін төмендету;

4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын су ресурстарымен қамтамасыз ету;

5) қоршаған ортаны сумен қамтамасыз ету;

6) суармалы егіншілікте су тұтынудың тиімділігін арттыру;

7) өнеркәсіпте су тұтынудың тиімділігін арттыру;

8) су ресурстары басқару жүйесін жетілдіру.";

"Нысаналы индикаторлар" деген кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сұранысқа ие суармалы жерлердің су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіру;

2) 1 га су шығыны (2012 жылғы 9180 м³-ден 2020 жылға қарай 8700 м³-ге дейін төмендету);

3) өнеркәсіптегі қайталама және айналымды сумен жабдықтау жүйелеріндегі су көлемі:

қайталама – 2012 жылғы 0,69 км³-ден 2020 жылға қарай 0,77 км³-ге дейін;

айналымды – 2012 жылғы 7,3 км³-ден 2020 жылға қарай 7,62 км³-ге дейін;

4) су ресурстарының көлемін ұлғайту:

жинақталатын жерүсті су ресурстарын 2020 жылға қарай 1,3 км³-ге ұлғайту;

бекітілген жерасты су ресурстарының қорын 2020 жылға қарай 0,16 км³-ге ұлғайту;

5) 2020 жылға қарай орталықтандырылған жүйелерге тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету:

сумен жабдықтау: қалаларда 97 %-дан төмен емес, ауылдық елді мекендерде 62 %-дан төмен емес;

су бұру: қалаларда 97 %-дан төмен емес, ауылдық елді мекендерде 13 %-дан төмен емес;

б) табиғат объектілерінің суға жыл сайынғы қажеттілігін қанағаттандыру:

Балқаш көлінің деңгейі биіктіктердің Балтық жүйесінің (бұдан әрі – БЖ) 341 м кем емес;

Кіші Аралдың деңгейін жыл сайын БЖ 42 м белгісіне дейін ұстап тұру;
Ертіс өзені жайылмасының жыл сайынғы жайылуы (сулылығы орташа болған жылы) 280 мың га кем емес.";

"Қаржыландыру көздері мен көлемдері" деген кіші бөлімде:

екінші абзац алып тасталсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2015 жылдан 2019 жылға дейінгі кезеңде қаржыландыруды бағалау көлемі 468,6 млрд. теңгені құрайды, оның 445,0 млрд. теңгесі – республикалық және жергілікті бюджеттерден, ал 23,6 млрд. теңгесі бюджеттен тыс қаражат есебінен көзделген. Республикалық және жергілікті бюджеттерден көзделген қаржыландыру көлемі жоспарланатын кезеңге арналған тиісті бюджеттерді қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.";

"2. Кіріспе" деген бөлімде:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламада су шаруашылығы инфрақұрылымын, тұрақты және жайылма суарылатын жерлердің ирригациялық және дренаждық жүйелерін жаңғырту және дамыту, су ресурстарын тиімді пайдалану, елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту есебінен 2020 жылға қарай су ресурстарының күтілетін тапшылығын қысқарту, сондай-ақ су ресурстарын тиімді басқару жөніндегі шаралар көзделген.";

"3. Ағымдағы жағдайды талдау" деген бөлімде:

"1. Су саласындағы негізгі проблемаларды талдау" деген кіші бөлімде:

екінші бөлікте:

3) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) соңғы жылдары тасқын, топан су, су объектілері жағалауларының өзгеруі, аумақты жерасты суларының алып кетуі, жерлердің батпақтануы мен сортаңдануы, су эрозиясы, су аздығы салдарынан судың зиянды әсер етуінен материалдық шығынның өсу үрдісі";

"2. Су ресурстарының ағымдағы жағдайын бағалау" деген кіші бөлімде:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл, негізінен, трансшекаралық өзендерден су ағынының жылына

44,7 км³-ден 32,6 км³-ге дейін азаюынан болып отыр. Мұндай болжам үшін көршілес елдердің экономикалық және әлеуметтік дамуының өсуіне байланысты соңғы жылдары олардың су алуды ұлғайтуы негіз болып табылады. Қытай Халық Республикасының (бұдан әрі – ҚХР) аумағынан бастау алатын Ертіс пен Іле өзендерінде су ағынының азаю қаупі мейлінше жоғары, олардың ағыны төмендеуінің әлеуетті көлемі жылына 7,7 км³-ді құрайды және Орталық Азия

| Р/с № | Тікелей нәтижелер көрсеткіштері | Өлш. бірл. | Орындауға жауаптылар | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | Ақпарат көздері |
|-------|---|------------|----------------------|------|------|------|------|------|------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Авариялық гидротехникалық құрылыстардың саны (45-тен 0 бірлікке дейін төмендету): | объект | АШМ, ЖАО | 45 | 41 | 21 | 8 | 0 | А Ш М ведомстволық деректері |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|--------|-----|-----|-----|-----|-----|-----|------------------------------|
| | - республикалық меншіктегіні 34-тен 0 бірлікке дейін | объект | | 34 | 31 | 16 | 6 | 0 | |
| | - коммуналдық меншіктегіні 11-ден 0 бірлікке дейін | объект | | 11 | 10 | 5 | 2 | 0 | |
| 2 | Қаржыландырудың қажетті деңгейімен қамтамасыз етілген, су берумен байланысты емес республикалық меншіктегі объектілердің саны | объект | АШМ | 190 | 200 | 200 | 200 | 200 | А Ш М ведомстволық деректері |
| 3 | Жергілікті құлақтандыру жүйелерімен қамтамасыз етілген су қоймаларының саны: | объект | АШМ | | 32 | 45 | 33 | 34 | А Ш М ведомстволық деректері |
| | - республикалық меншікте – 74 бірлік | объект | ЖАО | | 26 | 29 | 12 | 7 | |
| | - коммуналдық меншікте – 70 бірлік | объект | | | 6 | 16 | 21 | 27 | |

4. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын су ресурстарымен қамтамасыз ету.

Бұл міндетке қол жеткізу тікелей нәтижелердің мынадай көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

| Р/с № | Тікелей нәтижелер көрсеткіштері | Өлш. бірл. | Орындауға жауаптылар | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | Ақпарат көздері |
|-------|---------------------------------|------------|----------------------|------|------|------|------|------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|--|-------|----------|-------|-------|-------|-------|--------|------------------------------|
| 1 | Жаңғыртылған/салынған желілердің ұзындығы: | | ҰЭМ | | | | | | Ұ Э М ведомстволық деректері |
| | сумен жабдықтау | км | ЖАО | 2544 | 322,5 | 1011 | 661,3 | 1856,5 | |
| | су бұру | км | | 125,5 | 143,1 | 184,1 | 208,5 | 1858,1 | |
| 2 | Сумен жабдықтаудың және су бұрудың қалалық желілерінде авариялылықты төмендету, 1 км желілердегі авариялардың саны, оның ішінде: | | ҰЭМ | | | | | | Ұ Э М ведомстволық деректері |
| | сумен жабдықтау | коэф. | ЖАО | 0,4 | 0,38 | 0,35 | 0,33 | 0,3 | |
| | су бұру | коэф. | | 0,2 | 0,19 | 0,16 | 0,13 | 0,1 | |
| 3 | Коммуналдық шаруашылықта түпкілікті тұтыну-шыларды су есептегіш құралдармен 76,1 % -дан 2020 жылға қарай 91 % -ға дейін қамту | % | ҰЭМ, ЖАО | 76,1 | 78,7 | 82,9 | 86,9 | 91,0 | Ұ Э М ведомстволық деректері |

5. Қоршаған ортаны сумен қамтамасыз ету.

Бұл міндетке қол жеткізу тікелей нәтижелердің мынадай көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

| Р/с № | Тікелей нәтижелер көрсеткіштері | Өлш. бірл. | Орындауға жауаптылар | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | Ақпарат көздері |
|-------|---|-----------------|----------------------|------|------|------|------|------|------------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Табиғатты қорғау мақсатында су жіберудің жыл сайынғы көлемі (1,34 км ³) | км ³ | АШМ | 1,34 | 1,34 | 1,34 | 1,34 | 1,34 | А Ш М ведомстволық деректері |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|--|--------------------|----------------------------------|-------|--------|-------|-------|-------|--|
| 2 | Салынған гидрологиялық бекеттердің саны және олардың санын 2020 жылға қарай 332 бірлікке дейін жеткізу | дана | ЭМ | 2 | | | | 25 | Э М ведомстволық деректері |
| 3 | Тазартылған және санациядан өткен көлдердің саны | бірлік | ЭМ | | | 1 | 1 | 1 | Э М ведомстволық деректері |
| 4 | Арнаны реттеу және тасқынға қарсы (құрылыс) жұмыстар жүргізілген арнаның ұзындығы (34 км) | км | АШМ | | | 5 | 9 | 20 | А Ш М ведомстволық деректері |
| 5 | 2020 жылға қарай 311,5 мың м ³ көлемінде Жайық-Каспий бассейні каналдары мен тармақтарын тұнбадан тазалау | мың м ³ | АШМ | | | | | 311,5 | А Ш М ведомстволық деректері |
| 6 | Павлодар облысы шегінде Ертіс өзені жайылмасының бүкіл ұзындығы бойындағы негізгі арнаның жекелеген орындарындағы су ағыстарын, ескі арналар кіреберісінің шайылған жерлерін, тармақтарын тазарту көлемі | мың м ³ | Павлодар облысының әкімдігі, АШМ | 163,9 | 1170,8 | 876,7 | 470,8 | | Павлодар облысы әкімдігінің ведомстволық деректері |

6. Суармалы егіншілікте су тұтынудың тиімділігін арттыру.

Бұл міндетке қол жеткізу тікелей нәтижелердің мынадай көрсеткіштерімен өлшенетін болады:

| Р/с № | Тікелей нәтижелер көрсеткіштері | Өлш. бірл. | Орындауға жауаптылар | 2015 | 2016 | 2017 | 2018 | 2019 | Ақпарат көздері |
|-------|---------------------------------|------------|----------------------|------|------|------|------|------|-----------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|--------|-----|----|-----|-----|-----|---|------------------------------|
| 1 | Суару жүйелері қалпына келтірілген сұранысқа ие суармалы жерлердің алаңы: | | | | | | | | |
| | 600 мың га-дағы каналдар, гидротех-никалық құрылыстар: | мың га | АШМ | 60 | 100 | 160 | 280 | | А Ш М ведомстволық деректері |
| | тұрақты суару | мың га | ЖАО | 40 | 60 | 100 | 180 | | |

| | | | | | | | | | |
|---|--|------|-----|---|---|---|---|----|------------------------------|
| 2 | Жүргізілген тақырыптық зерттеулер саны | саны | АШМ | 1 | 1 | 3 | 4 | 14 | А Ш М ведомстволық деректері |
| 3 | Нақтыланған және су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың жаңартылған бассейндік схемаларының саны | дана | АШМ | 4 | 1 | 1 | 1 | 1 | А Ш М ведомстволық деректері |

”;

”5. Негізгі бағыттары, алға қойған мақсаттарға қол жеткізудің жолдары мен тиісті шаралар” деген бөлімде:

”1. Бағдарлама мақсатына қол жеткізудің негізгі бағыттары мен жолдары” деген кіші бөлімде:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

”Осыған байланысты, табиғат объектілерінің жыл сайынғы суға қажеттілігін қанағаттандыру, халықты сумен жабдықтаудың және су бұрудың орталықтандырылған жүйелерімен қамтамасыз ету, тұрақты және жайылма суарылатын сұранысқа ие жерлерді суару суымен қамтамасыз ету үшін ирригациялық және дренаждық желілерді қалпына келтіру, суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту, судың халыққа, қоршаған ортаға және экономикаға зиянды әсер етуінен болатын залалды азайту, сондай-ақ судың азаюымен күрес Бағдарламаның басымдықтары болып табылады.”;

екінші бөлікте:

1), 2), 3) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

”1) $3,7 \text{ км}^3$ – суармалы егіншіліктегі ирригациялық және дренаждық жүйелерді реконструкциялау және жаңғырту, Сырдария және Іле өзендерінде тіреу-бөгеу құрылыстарын салу есебінен;

2) $0,4 \text{ км}^3$ – суарудың суды үнемдеу әдістерін енгізу есебінен;

3) $5,2 \text{ км}^3$ – қолданыстағы су шаруашылығы инфрақұрылымын қолдау мен жаңғырту және жаңасын дамыту жөніндегі шаралар есебінен, оның ішінде $1,3 \text{ км}^3$ перспективалы 21 шағын су қоймасын салу есебінен және қажет болғанда Қазақстан аумағы арқылы бассейнаралық су ауыстыру жөніндегі мега-жобаларды іске асыру есебінен.”;

”5) $0,1 \text{ км}^3$ – коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту және дамыту есебінен.”;

үшінші бөлікте:

3-тармақта:

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) су көзінен жерді пайдаланушылардың шекарасына дейін тұрақты суарылатын жерлер үшін ирригациялық және дренаждық жүйелер бір меншік иесінде болуға тиіс, бұл ретте меншік иесі мемлекеттік те, жеке ие де болуы мүмкін";

1) тармақша 1-1) тармақша болып саналсын;

"2. Бағдарлама мақсатына қол жеткізу жөніндегі шаралар" деген кіші бөлімде:

"Су тұтыну тиімділігін көтеруде":

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Су тұтынудың тиімділігін арттыру үшін төмендегідей шаралар тобын іске асыру қажет:";

1-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"суды есепке алуды автоматтандыруды және оның сапасын бақылауды қоса алғанда, су ресурстарын басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу;";

2-тармақта:

үшінші, төртінші, бесінші, жетінші және сегізінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"ирригациялық және дренаждық инфрақұрылым мен ауыл шаруашылығы алқаптарының жай-күйіне, суарудың пайдаланылып отырған әдістері мен ауыл шаруашылығын жүргізу практикасына зерттеу жүргізу;

суару үшін коллекторлық-дренаждық суды пайдалану;

су өлшеу аспаптарын орнату және су бөлуді автоматтандыру;

ысырапты төмендету, оның ішінде каналдарды қаптаудың қазіргі заманғы технологияларын пайдалану арқылы төмендету мақсатында тұрақты және жайылма суарылатын жерлер жүйелерінің инфрақұрылымын қалпына келтіру және реконструкциялау;

коллекторлық-дренаждық жүйелердің пайдаланылу сапасы мен тиімділігін арттыру;";

тоғызыншы абзац алып тасталсын;

"Ұлттық деңгейде және өңірлік деңгейде де су ресурстары тапшылығын қысқартуда":

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шаралардың бұл тобын іске асыруды қолжетімді ресурстар көлемін болжау, трансшекаралық су ағынын қамтамасыз ету үшін халықаралық жұмыс, жерасты суларының әлеуетін зерттеу жөніндегі іс-шаралардан бастау қажет. Бұл шараларға гидрологиялық, инженерлік-геологиялық, инженерлік-экологиялық ізденістер, ғылыми-зерттеу жұмыстары, су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және реконструкциялау, су объектілерін қалпына келтіру жөніндегі,

сондай-ақ өзендер бассейндеріндегі су жинау алаңдарының ормандылығын ұлғайтуды қоса алғанда, табиғатты қорғау жөніндегі гидротехникалық іс-шаралар жатады.";

"Су ресурстары басқару жүйесін жетілдіруде":

2-тармақтың алтыншы бөлігі алып тасталсын;

6-тармақтың бірінші бөлігінің төртінші, бесінші және жетінші абзацтары алып тасталсын;

"6. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері" деген бөлімде:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағдарламаны іске асыру кезінде бірінші кезекте неғұрлым тиімді бастамаларды жүзеге асыру болжанады, олар:

1) халықты орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерімен қамтамасыз ету;

2) табиғат объектілерінің суға жыл сайынғы қажеттілігін қанағаттандыру;

3) сұранысқа ие тұрақты және жайылма суарылатын жерлерді суару суымен қамтамасыз ету үшін су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіру;

4) судың халыққа, қоршаған орта мен экономикаға зиянды әсерінен болатын залалды төмендету, сондай-ақ судың азаюымен күрес.";

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Су ресурстарының тапшылығы мәселесін шешу:

1) 2020 жылға қарай $5,0 \text{ км}^3$ көлемінде, оның ішінде $3,7 \text{ км}^3$ – суармалы егіншіліктегі ирригациялық және дренаждық жүйелерді реконструкциялау және жаңғырту, Сырдария және Іле өзендерінде тіреу-бөгеу құрылыстарын салу есебінен, $1,3 \text{ км}^3$ – перспективалы 21 шағын су қоймаларын салу есебінен;

2) кейінгі жылдары $6,0 \text{ км}^3$ көлемінде, оның ішінде $3,0 \text{ км}^3$ – суарудың суды үнемдеу әдістерін енгізу және өсірілетін дақылдардың құрамы мен оларды аудандастыруды қайта қарау, ирригациялық және дренаждық жүйелерді одан әрі жетілдіру есебінен, қажет болған жағдайда су ресурстарын Қазақстан аумағы арқылы бассейнаралық ауыстыру жөніндегі мега-жобаларды іске асыру есебінен. Бұл ретте суармалы жерлердің алаңын 2040 жылға қарай 3,5 млн. га дейін жеткізу мүмкіндігі туындайды."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

